Жерді аймақтарға бөлу - бағалау аймақтарының шекараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2010 жылғы 7 шілдедегі № 143 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 тамызда № 3-7-95 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 259 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 25.12.2024 № 259 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" ҚР-сы Заңының 6 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына және Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 8 бабының 1-1 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданы аумағының жерді аймақтарға бөлу – бағалау аймақтарының шекараларын белгілеу жобасы № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-75 тіркелген 2009 жылғы 3 қыркүйекте "Қобда" газетінің № 35 жарияланған аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 шілдедегі № 106 "Жерді аймақтарға бөлу жобасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат сессиясының төрайымы
Д. Жиенбекова

Аудандық мәслихаттың хатшысы
І. Қобланов

Аудандық мәслихаттың
2010 жылғы 7 шілдедегі № 143
шешіміне 1 қосымша

Қобда ауданының ауылдық округтерінің жерін аймақтарға бөлу – бағалау аймақтарының шекараларын белгілеу туралы.

Аймақ нөмірі	Аймаққа кіретін елді мекеннің атауы
1	Аудан орталығы Қобда ауылы -024 -023 Әлия ауылы Құрсай ауылы
2	Калиновка ауылы
3	Бестау ауылы Талдысай ауылы

4	Жарсай ауылы (Жарсай ауылдық округі) Жаңаталап ауылы Білтабан ауылы Өтек ауылы Жарық ауылы Ақырап ауылы
5	Қазақай ауылы Сарбұлақ ауылы Ащигара ауылы
6	Қаратал ауылы Ақсай ауылы. (Жарсай ауылдық округі) Жайылма ауылы Бұлақ ауылы Бегалы ауылы Жарсай ауылы (Исатай ауылдық округі) Қанай ауылы Қызылжар ауылы
7	Қарағанды ауылы Жиренқопа ауылы Терсақан ауылы Байтақ ауылы Қосөткел ауылы Қаракемер ауылы Ортақ ауылы
8	Қарабұлақ ауылы Қоғалы ауылы Көк-Үй ауылы
9	Егіндібұлақ ауылы Тентекқара ауылы Сөгәлі ауылы
10	№ 1 ферма ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК